

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Кіріспе бөлім

«iBusiness (Зияткерлік Бизнес)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Процессор» немесе «біз») Сіздің жеке өміріңізге қол сұққызбау құқығыңызға үлкен құрметпен қарайды және Дербес ақпаратыңызды қорғау міндеттемелерін толық жауапкершілікпен өз мойнына алады. Біз Сіздің Дербес ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық заңды құралдар мен шараларды қолданатынымызға кепілдік береміз және оны осы Құпиялылық саясатында (бұдан әрі – «Саясат») көзделген мақсаттарда пайдаланатынымызды мәлімдейміз.

Осы Саясат Дербес деректерді (осы Саясатта келтірілген анықтамаға сәйкес) нақты қалай жинайтынымызды, пайдаланатынымызды және қалай беретінімізді түсіндіреді.

Осы Саясаттың Интернет желісінде <http://ibusiness.asia> адресі бойынша орналасқан және/немесе қолжетімді Қосылу шартының (бұдан әрі – «Шарт»), сондай-ақ Процессордың Сізбен жасасқан басқа да шарттарының (соның ішінде өтінімдер, өтініштер, келісімдер және т.с.с. түрінде) немесе Процессор мен Сіздің араларыңызда алдағы уақытта жасалуы мүмкін шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатынын есте ұстаған жөн.

«iBusiness» мобильді қосымшасын пайдалану арқылы Сіз Саясатпен келісетініңізді білдіріп, өз еркіңізбен және өз мүддеңіз үшін, осы Саясатта белгіленген мақсаттарда, автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе өз қарап шешуіңіз бойынша осындай құралдарды пайдаланбай, Дербес ақпаратыңызды жинауға, жазуға, сондай-ақ жүйелеу, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру, соның ішінде трансшекаралық (тарату, беру, қолжетімділік беру), иесіздендіру, бұғаттау, алып тастау, жою сияқты өңдеу тәсілдеріне келісіміңізді бересіз. Құпиялылық саясатының талаптарымен келіспеген жағдайда, Сіз мобильді қосымшаны, сондай-ақ Процессордың басқа да интернет-ресурстарын пайдалануды тоқтатуыңыз керек.

Осы Саясат алдын ала ескертпестен, Процессордың қарап шешуі бойынша, қажеттілікке байланысты немесе ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

1. Терминдер мен анықтамалар

Сізге Дербес ақпаратты қалай, не үшін және қандай түрде жинайтынымызды, пайдаланатынымызды және сақтайтынымызды түсіну оңайырақ болуы үшін, сондай-ақ Саясатта қолданылатын кейбір терминдерді түсіну үшін біз оларды төменде келтірілген жеке кестеге жинадық.

Термин/анықтама	Терминнің/анықтаманың мазмұны
Процессор/біз/бізге/біздің	«iBusiness (Зияткерлік Бизнес)» ЖШС (БСН: 220440001087), сондай-ақ оның үлестес тұлғалары.
Сіз/Сіздің/Сізге/Пайдаланушы	Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған әрекетке қабілетті азаматы, сондай-ақ «iBusiness» мобильді қосымшасының түпкі пайдаланушысы болып табылатын жеке тұлға ретіндегі Сіз.
Дербес деректер/Дербес ақпарат	Сізге немесе Сіздің сенім білдірушіңізге қатысты, электронды, қағаз және (немесе) басқа да материалдық тасымалдағышта тіркелген мәліметтер
Мобильді қосымша	«iBusiness» Процессорының мобильді қосымшасы.

2. Дербес ақпаратты жинау мақсаттары

Дербес деректер мына мақсаттарда жиналады және пайдаланылады:

- Мобильді қосымшаны пайдалану кезінде, сондай-ақ мәмілелер жасасу, өтініштер, өтінімдер беру және Процессормен, Мобильді қосымшаның басқа пайдаланушыларымен басқалай өзара әрекеттесу мақсатында Пайдаланушыны сәйкестендіру;
- Сіздің алдыңыздағы шарттық міндеттемелерімізді орындау;
- Пайдаланушыға Мобильді қосымшаның ресурстарына (қызметтеріне) қолжетімділік беру;
- Пайдаланушымен, соның ішінде қоңырау шалу, хабарламалар жіберу (соның ішінде, бірақ олармен шектелместен, SMS, WhatsApp, Telegram және т.б. арқылы), Мобильді қосымшаны пайдалануға, қызметтерді көрсетуге қатысты сұратулар жіберу, Пайдаланушыдан алынған сұранымдарды, өтініштер мен өтінімдерді өңдеу, Процессордың науқандары және басқа да қызметтері туралы ақпараттық, сервистік, жарнамалық хабарламаларды жіберу арқылы кері байланыс орнату;
- Пайдаланушы ұсынған дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын растау;
- Мобильді қосымшаны пайдаланумен байланысты қиындықтар туындаған жағдайда, Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету;
- Пайдаланушыға Процессордың атынан немесе Процессор серіктестерінің атынан жаңартуларды, арнайы ұсыныстарды, бағалар туралы ақпаратты, жаңалықтар таратылымын және басқа да мәліметтерді ұсыну. Процессордың жарнамалық қызметін жүзеге асыру;
- Пайдаланушыға өнімдерді, жаңартуларды және қызметтерді алу мақсатында Процессор серіктестерінің сайттарына немесе сервистеріне қолжетімділік беру;
- Біз көрсететін қызметтердің, орындайтын жұмыстардың сапасын жақсарту;
- Иесіздендірілген деректер негізінде статистикалық және басқа да зерттеулерді жүргізу;
- Қызметіміздің өнімдерімізді талдау және басқару, маркетингтік зерттеулер, аудит, жаңа өнімдерді әзірлеу, жұмысымызды жетілдіру, тауарларымыз бен қызметтерімізді/жұмыстарымызды жақсарту, пайдалану үрдістерін анықтау, жарнамалық науқандарымыздың тиімділігін анықтау сияқты түрлерін жүзеге асыру, сондай-ақ Пайдаланушылардың қанағаттану дәрежесін бағалау және оларға қолдау көрсету;
- Жоғары сапалы қызметтер көрсету;
- Мобильді қосымшаның жаңа сервистерін құру, Мобильді қосымшаның жұмысын және Пайдаланушылар мен олардың клиенттерінің өзара әрекеттесуін жақсарту;
- Мобильді қосымшаның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Пайдаланушы қолданатын әр түрлі құрылғыларды байланыстыру;
- Мобильді қосымшаны ұйымдастыру, құрылымдау, деректер қорын құру және пайдалану;
- Пайдаланушымен оған ыңғайлы тәсілмен байланыс орнату;
- Мобильді қосымшаның жұмысын барынша жақсарту және Пайдаланушылардың қызығушылықтары мен пікірлері негізінде Мобильді қосымшаның жаңа функциялары мен сервистерін құру мақсатында сауалнамалар, сұрақ-жауаптар жүргізу, Пайдаланушылардың мінез-құлқын зерттеу және талдау;
- Алаяқтықтың немесе басқа да заңға қайшы әрекеттердің алдын алу, анықтау және олармен күресу;
- Мобильді қосымшаның жұмысындағы ақауларды жою және т.с.с.

3. Дербес деректердің тізбесі

3.1. Біз мынадай ақпаратты жинаймыз:

- Мобильді қосымшаға кірген кезде оның бағдарламалық жасақтамасы автоматты түрде жинайтын техникалық ақпарат;
- Тиісті нысанды толтыру кезінде Сіз беретін дербес ақпарат немесе Пайдаланушымен тікелей байланысу кезінде Процессор алатын ақпарат;

- Басқа ақпаратты Сіз өз қарап шешуіңіз бойынша бересіз.

3.2. Техникалық ақпарат.

Сіз Мобильді қосымшаға кірген кезде сервердің (server logs) стандартты тіркеу журналдарындағы ақпарат Мобильді қосымшаның әкімшілігіне автоматты түрде қолжетімді болады, атап айтқанда:

- Сіздің құрылғыңыздың (немесе, Интернетке шығу үшін пайдаланылатын болса, прокси-сервердің) IP-адресі;
- Интернет-провайдердің атауы;
- Доменнің атауы;
- браузер және операциялық жүйе түрі;
- Сіз Мобильді қосымшаға өткен сайт/электрондық желілердегі парақ туралы ақпарат;
- Мобильді қосымшаның Сіз кіретін беттері туралы ақпарат; осы кірулердің күні мен уақыты, файлдар;
- Пайдаланушы Мобильді қосымшаны пайдаланатын құрылғылар туралы деректер, соның ішінде: аппараттық және бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат, құрылғылардың сәйкестендіргіштері, Интернет қосылысы, Пайдаланушы құрылғысының орналасқан жері туралы ақпарат (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), қосымшалардың, cookie файлдарының деректері және т.с.с.;
- Пайдаланушының Процессордың байланыс орталығына хабарласу жазбалары, Пайдаланушы мен Процессордың Мобильді қосымшадағы хат алмасуы (кері байланысы).

Бұл ақпаратты біз Мобильді қосымшаны пайдалану статистикасын талдау үшін біріктірілген (исізіздендірілген) түрде талдаймыз және оны жақсарту және дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу кезінде пайдаланамыз. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында талап етілетін жағдайлардан басқасында, Сіздің IP-адресіңіз бен Дербес ақпаратыңыздың арасындағы байланыс ешқашан үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

3.4. Шарттар жасасу мақсатында Пайдаланушы сондай-ақ өзі туралы немесе өзі соның мүдделерінде әрекет ететін ұйым және оның өкілдері туралы мынадай дербес деректерді бере алады: аты, әкесінің аты, тегі, лауазымы, телефон нөмірі, бұған қосымша, осындай ұйымның атауы, БСН, банк шотының нөмірі, әділет органдарында тіркелу нөмірі, тіркелген мекенжайы мен пошталық мекенжайы, корпоративтік телефон нөмірі, қызмет көрсететін банктің атауы, оның БСК және корреспонденттік шоты. Ұйым туралы осы аталған мәліметтер дербес деректерге жатпайды.

3.5. Егер жеке тұлға жеке кәсіпкер ретінде немесе оның мүддесінде, осындай жеке кәсіпкердің қалауы бойынша немесе тікелей жазбаша келісімімен әрекет ететін болса, тиісінше мына деректер: жеке кәсіпкердің тегі мен инициалдары, ССН, хат алмасу мекенжайы, телефон нөмірі, банк шотының нөмірі, қызмет көрсететін банктің атауы, оның БСК және корреспонденттік шоты қосымша ұсынылуы мүмкін.

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Пайдаланушының міндеттері:

- бізбен мәміле (шарт, өтініш, өтінім, тапсырыс-жүктелім және басқа нысанда) жасасу мақсатында қажет болатын дербес деректер туралы ақпаратты ұсыну;
- осы ақпарат өзгерген жағдайда, дербес деректер туралы берілген ақпаратты барынша қысқа мерзімде жаңарту, толықтыру. Пайдаланушы дербес деректердің өзгергені туралы ескертпеген немесе уақтылы ескертпеген жағдайда, Процессор осындай ескертпеудің немесе уақтылы ескертпеудің кез келген жағымсыз салдары үшін жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Біздің міндеттеріміз:

- Алынған Дербес деректерді осы Саясатта көрсетілген мақсаттарда ғана пайдалану;
- Дербес деректердің сақталуын қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы іскерлік айналымда осындай ақпаратты қорғау үшін әдетте

қолданылатын тәртіпке сәйкес, Пайдаланушының Дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын қолдану;

- Дұрыс емес Дербес деректер немесе заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда, тиісті Пайдаланушыға қатысты Дербес деректерді ол жүгінген, сұраған немесе Пайдаланушының заңды өкілі немесе дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган жүгінген мезеттен бастап тексеру кезеңіне бұғаттауды жүзеге асыру.

5. Дербес деректерді алу тәсілдері. Дербес деректерді қорғау

5.1. Біз Дербес деректерді жинауды мынадай тәсілдермен жүзеге асырамыз:

- тікелей Пайдаланушының өзінен немесе оның уәкілетті өкілдерінен;
- Пайдаланушының құрылғысы арқылы;
- басқа көздерден, соның ішінде, бірақ олармен шектелместен: мысалы, жалпыға қолжетімді дерекқорлардан; бірлескен маркетингтік және (немесе) қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша серіктестерден; банктерден, сақтандыру компанияларынан және (немесе) бізбен немесе Сізбен шарттық қатынастары бар басқа да қаржы ұйымдарынан; ұялы байланыс операторларынан; әлеуметтік платформалардан; пайдаланушылардың достарынан немесе олармен әлеуметтік платформалар арқылы байланысқан басқа да тұлғалардан, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғалардан.

5.2. Біз Пайдаланушылардың Дербес деректерін қорғау үшін барлық қажетті және жеткілікті ұйымдастырушылық, техникалық сақтық шараларын қолданамыз. Пайдаланушылар туралы ақпаратқа Процессордың Дербес деректерге қолжетімділікті қажет ететін жұмыс функцияларын орындайтын жұмыскерлері ғана қол жеткізе алады.

5.3. Пайдаланушы Дербес деректердің қауіпсіз сақталуына Пайдаланушының өзі немқұрайлы қарайтын жағдайда үшінші тұлғалардың оларға рұқсатсыз қол жеткізуі мүмкін екенін мойындайды. Процессор мұндай қол жеткізуден келтірілген шығындарға (соның ішінде зиян мен жоғалтылған пайдаға) жауап бермейді. Біз Сізге сандар мен әріптерден тұратын күрделі құпия сөздерді пайдалануға кеңес береміз.

5.4. Біз Сізден қырағы болуыңызды және Дербес ақпаратыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды, соның ішінде интернеттегі алаяқтық пен «фишингтен» қорғау шараларын қабылдауыңызды өтініп сұраймыз.

6. Дербес деректерге қолжетімділік

6.1. Пайдаланушының Дербес деректеріне қолжетімділікті, Процессордан (оның жұмыскерлерінен) басқа, мына тұлғалар ала алады:

- Процессордың кез келген үлестес жеке және (немесе) заңды тұлғалары;
- тауарларды өндірушілер мен сатушылар, өз қызметін Процессордың Мобильді қосымшасын пайдалана отырып жүзеге асыратын қызмет көрсетушілер, Процессордың серіктестері;
- осы Саясаттың 2-бөлімінде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін үшінші тұлғалар. Мұндай тұлғаларға (соның ішінде, бірақ олармен шектелместен) мыналар жатуы мүмкін:
 - ✓ банктер, сақтандыру компаниялары және өзге де қаржы мекемелері;
 - ✓ бізге осындай тұлғаларға тиесілі сайттарда, бағдарламаларда, өнімдерде немесе сервистерде жарнама орналастырумен және көрсетумен байланысты қызметтерді; Процессордың міндеттемелерін тиісінше орындауы үшін қажетті қызметтерді ұсынатын сайттар мен қосымшалардың иелері;
 - ✓ жарнама берушілер және (немесе) жарнама таратушылар, байланыс операторлары және Процессормен шарттық қатынастардағы басқа да компаниялар.

6.2. Пайдаланушылардың Дербес деректері сондай-ақ мыналарға берілуі мүмкін:

- құқықтар немесе міндеттер соларға ауысқан немесе тиісті келісім бойынша жаңарту енгізілген үшінші тұлғаларға;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, тиісті сұраным

бойынша Процессор ақпарат беруге міндетті болатын кез келген қазақстандық және (немесе) халықаралық реттеуші органға, құқық қорғау органдарына, атқарушы билік органдарына, басқа да ресми немесе мемлекеттік органдарға немесе соттарға;

- Сіз Дербес ақпаратыңызды беруге келісіміңізді білдірген немесе Дербес ақпаратты беру Сізге тиісті тауарды ұсыну, қызметті көрсету, жұмысты немесе Сізбен жасалған белгілі бір келісімді немесе шартты орындау үшін қажет болған жағдайда, үшінші тұлғаларға;
- Сіз Пайдаланушы келісімін, осы Саясатты, Сізбен жасалған шарттың талаптарын бұзған жағдайда немесе осындай бұзу қаупі болғанда, Процессордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында кез келген үшінші тұлғаға.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Біз Сіздің Дербес ақпаратыңызды оны жинау мақсатына қол жеткізу немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет болатын уақыт ішінде сақтаймыз.

7.2. Құпиялылық саясаты дербес деректер мен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету рәсімдеріне, сондай-ақ үшінші тұлғалардың, соның ішінде Процессор сайттарында сілтемелері берілген бөгде сайттардың қызметін қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың басқа да рәсімдеріне қолданылмайды және біз пайдаланушылардың бөгде сайттардағы ақпаратының құпиялылығына жауап бермейміз. Процессордың Мобильді қосымшасында/өзге сайттарында бөгде сайттарға сілтемелердің көрсетілуі біздің немесе үлестес тұлғаларымыздың осындай сайттарды мақұлдайтынымызды білдірмейді.

7.3. Процессор Facebook, Apple, Google, Microsoft сияқты басқа компаниялардың және кез келген басқа қосымшаларды әзірлеушілердің, қосымшаларды жеткізушілердің, әлеуметтік желілер платформаларының қызметтерін жеткізушілердің, операциялық жүйелерді жеткізушілердің, сымсыз қосылыс қызметтерін жеткізушілердің және құрылғыларды жасаушылардың ақпаратты жинау, пайдалану және ашу саясаты (деректердің қорғалуын қамтамасыз ету тәртібін қоса алғанда), соның ішінде біздің пайдаланушыларымыз Қосымшалардың немесе әлеуметтік желілердегі парақшаларымыздың көмегімен (немесе солармен байланысты) басқа ұйымдарға ашатын Дербес деректері үшін жауап бермейді.

7.4. Мобильді қосымшамызды пайдалана отырып, Сіз құрылғыңызға біздің cookie файлдарын орналастыруымыз, сақтауымыз және cookie файлдарына, IP-адресстерге қолжетімділік алуымыз, сондай-ақ Сіздің веб-сайтты пайдалану тәжірибеңізді жақсарту үшін веб-сайтты пайдалану деректерін жинаудың басқа да әдістерін қолдануымыз мүмкін екенімен келісесіз.

Деректер Сіздің веб-сайтты, браузерді, Сіз сол арқылы қолжетімділік алатын құрылғы түрін пайдалануыңыз және Сіздің орналасқан жеріңіз туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.

7.5. Сіз бізге cookie файлдарын пайдалануға келісіміңізді бергеннен кейін Сіздің келесі жолы Мобильді қосымшаға кіруіңіз үшін келісіміңізді есте сақтау мақсатында біз cookie файлын Сіздің компьютеріңізде немесе құрылғыңызда сақтаймыз. Сіздің келісіміңіз мерзімді түрде (және барлық жағдайларда 13 ай ішінде) аяқталады. Егер Сіз кез келген уақытта өз келісіміңізді қайтарып алғыңыз келсе, интернет-браузеріңіздегі баптауларды пайдалана отырып, cookie файлдарыңызды жоюыңыз қажет.

7.6. Процессор Пайдаланушының келісімінсіз және оған ескертпестен осы Саясатқа өзгертулер енгізуге құқылы. Пайдаланушы Саясаттың жаңартылған нұсқасымен танысу жауапкершілігін өз мойнына алады. Саясаттың жаңа редакциясында өзгеше қарастырылмаса, Саясатқа енгізілген өзгертулер ол Мобильді қосымшада орналастырылған мезеттен бастап күшіне енеді.

7.7. Егер біз жинаған ақпаратымыз 18 жасқа толмаған адамнан алынғанын білсек, біз мұндай ақпаратты мүмкіндігінше қысқа мерзімде жоямыз және мұндай адамның тиісті веб-торапқа кіруіне тыйым салуымыз мүмкін.

7.8. Саясатқа және Пайдаланушы мен Процессор арасында Саясаттың қолданылуына байланысты туындайтын қатынастарға Қазақстан Республикасының заңы қолданылуы тиіс.

7.9. Пайдаланушылардың Дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау кезінде Процессор Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын басшылыққа алады.

7.10. Сіз Мобильді қосымшада толтыратын тіркелу нысаны осы Саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

7.11. Осы Саясатқа қатысты барлық сұрақтарыңызбен, пікірлеріңізбен және ескертулеріңізбен бізге хабарласуыңызды сұраймыз. Пайдаланушы бізге мыналар туралы хабарлауға құқылы:

- болашақта бізден жолданымдар (хабарламалар) алуды қаламайтыны туралы;
- өзі туралы бізде қандай ақпараттың бар екенін білгісі, бізде сақталған Дербес деректерінің көшірмесін алғысы келетіні туралы (осындай сұралған ақпаратты беру кезінде пошта шығындарын өтеу, ақпаратты іздеу және өңдеу жұмысының ақысын төлеу үшін әкімшілік алым алынуы мүмкін);
- бізде сақталған өзінің қандай да бір Дербес деректерін нақты емес, толық емес, өзекті емес немесе маңызды емес деп санайтыны туралы;
- Саясаттың кез келген бұзылуы туралы.

Құпиялылық саясатына, Қосылу шартына немесе Процессормен жасалған басқа шартқа сәйкес қабылданған және орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, Пайдаланушы өз деректерін Процессордың жинауына, сақтауына, өңдеуіне және пайдалануына берген келісімін қайтарып алуға құқылы. Қайтарып алу жазбаша түрде рәсімделеді және тапсырыстық хатпен немесе курьер арқылы Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 47/79-үй мекенжайына жіберіледі. Процессор аталмыш қайтарып алуды алған мезеттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Пайдаланушыны Пайдаланушылар қатарынан шығару, Пайдаланушының дербес, биометриялық деректерін жою арқылы тиісті Пайдаланушының деректерін жинауды, сақтауды, өңдеуді және пайдалануды тоқтатуға міндеттенеді.